

**Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 2/225 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Алматы қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 31 мамырдағы N 2/463 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 маусымда N 982 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңдарына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы» 2011 жылғы 13 сәуірдегі № 2/225 қаулысына (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Реестрінде № 888 тіркелген, «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде 2011 жылдың 7 мамырда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:  
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Алматы қаласында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы»

1 тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға;».

Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ю. И л ь и н г е ж ү к т е л с і н .

3. Алматы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

А. Есімов

**Енгізуші:**

Алматы қалалық Жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар  
басқармасының басшысы Ә. Құлмаханов

**Келісілді:**

Алматы қаласы  
әкімінің орынбасары Ю. Ильин

Алматы қаласы әкімі аппаратының  
заң бөлімінің басшысы А. Қасымова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК